



Тапсырмалар жинағы

Beyond Olympiad #1

Химия

II тур

7-9 сынып

30 маусым 2021

Олимпиада реттемесі

Олимпиаданы орындауға Сізге 90 минут беріледі. Олимпиаданың басталуы: Алматы қаласының уақытымен 10:00, олимпиаданың аяқталуы – 11:30. Орындап болған соң тапсырмалардың шешімдерін тапсырмада көрсетілген форма бойынша жіберіңіз.

Қатысушыға жадынама:

- Кеңсе жабдықтарынан қарандаштарды, қаламдарды, өшіргішті, сызғышты қолдануға **рұқсат етіледі**.
- Калькуляторды (қарапайым, инженерлі, графикалық), периодты кестені (бесінші бетте) және ерігіштік кестесін қолдануға **рұқсат етіледі**.
- Өзгелердің көмегін және интернет-дереккөздер мен оқу құралдарын қоса алғандағы қосымша әдебиетті қолдануға **қатаң тиым салынады**.
- Көшіру мен академиялық адалдықтың бұзу әрекеттері үшін бір жыл бойы ask.bc-pf.org сайтында **бан** жазасына кесілесіз.

Нәтижелер Олимпиада аяқталғаннан кейін 21 күннің ішінде жарияланады.

Олимпиаданың өткізілуі бойынша сұрақтарыңыз болған жағдайда olympiads@bc-pf.org поштасына немесе Beyond Curriculum-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына жазғаныңыз жөн.

Сәттілік тілейміз!

Нұсқаулық

Тапсырмаларды орындау үшін Сізге <https://tubes.bc-pf.org> сайтына өту керек. Сайтқа кіру үшін өзіңіздің вариантыңыздың нөмірін қолданыңыз. Вариантты келесі кесте бойынша анықтай аласыз:

Фамилияңыздың бірінші әрібі	Вариант нөмері	Сайтке кіру үшін құпиясөз
А-Ә	1	oAVBLM
Б-Д	2	0SPvEg
Е-З	3	jSHbEj
И-Қ	4	Zvodzl
Л-М	5	n6llcC
Н-Ө	6	9SzY48
П-С	7	irGrVW
Т-Ұ	8	yic6qm
Ф-Ц	9	eAhBZN
Ч-Я	10	Fj5cdf

Сайтта Сіз тапсырмаңызға сәйкес виртуалды экспериментті орындайтын боласыз (келесі кестені қараңыз)

Жауаптарды формаға жіберу қажет:

<https://forms.yandex.ru/u/60db47ff319474b2014d70b3/>

Тапсырма

6 нөмірленген сынауықта қорғасын нитраты, барий гидроксиді, натрий хлориді, күміс нитраты, калий йодиді және натрий карбонаты бар. Реагенттер ретінде тек осы реактивтерді қолдана отырып, қай сынауықта қандай зат орналасқандығын анықтаңыз.